

законных интересов граждан и организации. Автор указал, методы преодоления иммунитета судей для привлечения их к ответственности. Немаловажным является и то, что необходимо усовершенствовать законодательство в этой сфере.

\*\*\*

The article reveals the essence of liability and immunity of judges, shows the need for a joint study of them. The relevance of this topic is beyond doubt, because the judges are the guarantors of rights, freedoms and lawful interests of citizens and organizations. The author pointed out, the methods to overcome their immunity of judges to bring them to justice. It is also important and what is necessary to improve legislation in this area.

*А.К.Мухамедова*

## МЕМЛЕКЕТТІК (СОТТЫҚ ЕМЕС) САРАПТАМАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН АНЫҚТАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес, мемлекеттің басты құндылығы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып танылады [1]. Қазіргі таңда әрбір адам аталған құқықтары мен заңды мүдделерін заңмен тыйым салынбаған кез келген әдіспен қорғай алады. Әрине, көбіне азаматтар өз құқықтарын қорғауды сот өндірісі арқылы жүзеге асырады. Аталмыш құқықтар мен мүдделерді жүзеге асырудың бір нысаны ретінде біз, сот сараптамасын айтамыз. Себебі, дәл осы сараптама арқылы тұлғаның жасалған қылмысқа қатыстылығын, оның кінәсіз немесе кінәлі екендігіне көз жеткізуге болады. Қаншалықты қоғамның техника жағынан қамтылғанына қарамастан, сот сараптамасы ақ пен қараны ажырата алатын жалғыз өндіріс деп санаймын. Біз, үнемі сот сараптамасы дегенде, ойымызға соттық емес сараптама, былайша айтқанда мемлекеттік сараптама деген сөз келмейді. Себебі, мемлекеттік сараптама туралы біз көп біле бермейміз. Жалпы сараптама өте кең таралған ұғым, себебі адам өмірінің кез келген тәжірибелік қызметінде кездеседі. Әрине, бұл оның қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

ҚР Сот сараптамасы туралы 1997 ж. 12 қарашадағы Заңына сәйкес, сот сараптамасы - шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу болып табылады [2]. Аталған заңда тек сот сараптамасы туралы, оны жүргізу тәртібі мен негізгі шарттары жөнінде айтылған. Алайда, онда жалпы соттық емес сараптама туралы сөз қозғалмаған. Бұл дегеніміз, мемлекеттік сараптама әлі күнге дейін толық мәні ашылып, анықталмады. Сонымен, «соттық емес сараптама» және «сот сараптамасы» арасында қандай айырмашылық бар деген заңды сұрақ туындайды? Сараптама – кең ұғым. Сот сараптамасы – сараптаманың бір түрі болып саналады. Енді соттық емес сараптаманың мәнін ашайық.

Соттық емес сараптама – сот өндірісінен тыс пайдаланылатын арнаулы білімді қолданудың ерекше нысаны. Мұндай сараптаманың соттық сараптамадан айырмашылығы, оны жүргізуде – процессуалдық нысан қарастырылмаған. Яғни, соттық емес сараптама қылмыстық іспен байланысты емес жағдайларда да қолданылады. Қазіргі жағдайда соттық емес, яғни мемлекеттік сараптама кең өріс алуда. Себебі, мұндай сараптамалар адам өмірінің барлық қызметінде қолданылады. Мемлекеттік сараптаманың болуы, зерттеу сараптамаларының қолдану аясы кеңеюі себебі болып табылады. Мұндай сараптама, әрине, дәлелдеме күшіне ие емес, сондықтан оны тағайындау және жүргізу тәртібі, сот сараптамасына қарағанда неғұрлым жеңіл.

Соттық емес сараптама – адамның қорғану құқығын жүзеге асырудың бір нысаны болып табылады, себебі айыпталушы және оның заңды өкілі келісімге келіп, яғни ақысын өз қаражаты есебінен төлеп, балама түрде сарапшыны шақыра алады. Соттық емес сараптама процессуалды тәртіп тәріздес, сарапшының қорытындысымен бекітіледі. Егер мұндай қорытындының нәтижесі қолданыстағы заңның ережелеріне сәйкес келмейтіндігі анықталса, бұл қорытынды қылмыстық істі қозғауға түрткі болуы мүмкін. Бірақ, оны іс материалдарына сол түрде (сот сарапшысының қорытындысы ретінде) тіркеуге болмайды. Өзінің процессуалдық мәні бойынша соттық емес сараптаманың қорытындысы – ҚР ҚДЖК-нің 123-бабына сәйкес, өзге құжаттар ретінде танылуы мүмкін [3]. Осыған орай, мемлекеттік сараптама қозғалған қылмыстық іс бойынша сот сараптамасына «бәсекелестік» білдіруі мүмкін.

Соттық емес сараптама екіге бөлінеді: мемлекеттік (ведомствалық) және жеке. Жеке сараптаманы көбіне келісім негізіндегі немесе балама деп те атайды. Көбіне жеке сараптама белгілі бір тұлғалардың сұраулары бойынша және ақылы түрде жүзеге асырылады. Ал мемлекеттік сараптамаға келер болсақ, бұл мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын сараптаманың бір түрі. Мысалы, ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы №88 қабылданған қаулысына сәйкес, құрылыс министрлігінің

Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама жүргізу құқығындағы “Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау” республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды (бұдан әрі “Мемсараптама” РМК). Дәл осындай мемлекеттік кәсіпорындар құрылыс, экология, экономика және т.б. салаларында әртүрлі сараптамалар жүргізеді. «Мемсараптама» РМК қызметінің мақсаты: қала құрылысын жоспарлау, аумақтарды дамыту және салу, әлеуметтік, өндірістік, рекреациялық, инженерлік және көлік инфрақұрылымдары объектілерінің (энергиямен, сумен, жылумен жабдықтау, магистральдық көлік, байланыс, коммуникациялар, коммуналдық-тұрғын үй шаруашылығы және тіршілікті қамтамасыз ететін басқа да жүйелерінің объектілерін қоса алғанда) құрылысы жобаларын кешенді бағалау болып табылады. Сот сараптамасын тағайындау негіздері, соттың шешімі болса, ал мемлекеттік сараптамалардың негізі нормативтік құқықтық актілер (министрліктер мен комитеттердің қаулысы, жергілікті органдардың бұйрықтары мен шешімдері) болып табылады.

Енді мемлекеттік сараптаманың кейбір түрлеріне тоқтайық.

1) Құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік сараптама – мұндай сараптама тапсырысшы мен мердігер, даулы жағдайда келтірілген шығынның көлемі жөнінде көршілер арасында пайда болатын дауларды шешу кезінде қолданылады. Жалпы Қазақстанда құрылыс жобаларына мемлекеттік сараптама жүргізу 60-шы жылдар соңында етек алды. Сол уақыттан бері әртүрлі өзгерістерге ұшырағанына қарамастан, ол өзінің негізгі қағидаларын сақтап келуде. Олар: тапсырысшыдан тәуелсіз сараптама жүргізу, құжаттарды қарау құпиялылығы және қорытынды объективтілігі. Құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік сараптама жұмыстарына арналған бағалар мен тарифтерді сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Мемсараптама белгілейді. Әсіресе, мемлекеттің қазіргі индустриялы-инновация бағдарламасы жүзеге асырылуы кезінде, мұндай сараптаманың орны ерекше.

Құрылыс жобалары бойынша сараптама келесідей жағдайда жүргізіледі: а) жобаның жобалауға арналған тапсырмаға, өзге де бастапқы материалдарға (деректерге), техникалық шарттар мен талаптарға, сондай-ақ бекітілген қала құрылысы (жоспарлау) шешімдеріне және осы құрылыс учаскесінің (алаңдардың, трассалардың) функционалдық мақсаттарға сәйкестігін; б) мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтерде белгіленген жарылыс және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы жөніндегі міндетті талаптардың сақталуын; в) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген құрылыс көлемдерінің негізділігін; г) көрсеткіштердің, оның ішінде құрылыстың есептік немесе сметалық құнының негізділігі мен дұрыстығына арналған сараптамалық бағалауды анықтайды. Көріп тұрғанымыздай, құрылыстық сараптама мемлекеттің құрылыс және жобалау жұмыстарында қауіпсіздік пен тәртіпті сақтауда алатын орны ерекше. Дәл осы сараптама арқылы кез келген жобаланған және болашақта қаланатын құрылыстардың адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және флора мен фаунаға қауіп келтірмейтіндігіне көз жеткізуге болады.

2) Кедендік сараптама – кеден ісі мәселелерін шешу мақсатында жүргізілетін арнайы ғылыми-тәжірибелік зерттеу болып табылады. Қазіргі нарықтық заманда тауарлардың сапасын анықтайтын сараптама Қазақстанда ерекше орынға ие. Қазақстан өзге мемлекеттермен өзара қатынас орната отырып, басқа шет мемлекеттерге аса құнды тауарларды, яғни мұнай, қара және түрлі түсті металдарды, бидай және т.б. экспорттайды. Сондықтан осындай стратегиялық маңызды байланыс орнатуда, кедендік сараптаманың орны бөлек. Қазақстан Республикасында кедендік сараптама ҚР Кедендік Кодексіне сәйкес реттеледі. Заңның 453-бабында кедендік сараптаманы тағайындау жөнінде айтылған. Кодекстің келесі баптарында кедендік сараптаманы жүргізу тәртібі, сарапшының құқықтары мен міндеттері, сарапшы қорытындысы мәселелері, қосымша және қайталама сараптама мәселелері және т.б. айқындалған [4].

Жалпы кедендік сараптаманың міндеттеріне: 1) тауарды сәйкестендіру; 2) шыққан елін анықтау; 3) тауар сипатын және кодын анықтау; 4) зерттеуге үлгілерді таңдау; 5) техника өнімдерінің техникалық жағдайын анықтау; 6) қоймада тұрған тауарлардың сипатын, тауарлар қорабының жалпы жағдайын тіркеу; 7) тауарлар мен өнімдердің денсаулық сақтау заңдарына сәйкестігін анықтау және т.б.

Кедендік сараптама өзінің құрылысы және мәні бойынша маңызды сараптамалардың бірі болып есептеледі. Себебі, елге сырттан келген тауарлар мен өнімдердің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, қауіпсіздік және экономика саласындағы ішкі заңнамасына сәйкес келуін анықтайды. Сол арқылы мемлекетте дәл сол тауар мен өнімді тұтынатын халықтың денсаулығы мен әл-ауқаты осы кедендік сараптамаға тікелей байланысты. Сонымен қатар, аталған сараптама кеден органдарына тауарларды кедендік рәсімдеу кезінде жәрдемдеседі. Кедендік сараптаманың маңыздылығы осыда, деп есептеймін. Алайда, бұл салада да кейбір кемшіліктер бар. Мысалы, Ресей

Федерациясында Бас кедендік зертхана 2002 жылы 23 мамырда құрылған. Оны Орталық сараптама-криминалистикалық кедендік басқару деп атайды. Бізде, Қазақстанда, Орталық кедендік зертхана бар. Жалпы бұл мекеме әр түрлі кедендік сараптамаларды жүргізетін орталық ретінде өзін жақсы көрсете білді. Алайда, менің ойымша, осындай орталықтарды дамытуда ресейліктердің тәжірибесін алған жөн, деп ойлаймын. Сол арқылы мұндай мекеменің нақты мәртебесін айқындай отырып, оның негізгі құқықтары мен міндеттерін белгілеп, ұйымдық құрылымын анықтау қажет. Аталған жұмысты жетілдіру мақсатында біздің Кедендік Кодексі мен Ресей Федерациясының Кеден заңнамасын салыстырып, талдау қажет артық болмас [5].

Айтылғандарды ескере отырып, біздің елде кеден сараптамасын жүргізуде әрине, көптеген қиыншылықтар кездеседі. Алайда, егер, біз шет мемлекеттердің, әсіресе ресей заңнамаларын зерттеп, оларды біздің заңнамаға неғұрлым ұқсас етіп енгізсек, бізде кедендік сараптама жүргізу нәтижелері оң болар еді.

3) Экологиялық сараптама – қоршаған ортаны қорғаудың шынайы құралдардың бірі. Мамандардың айтуы бойынша, экологиялық сараптама қоршаған ортаға келтірілетін зиянды алдын алатын маңызды және тиімді құқықтық құралдың бірі болып есептеледі. Әрине, себебі, бізді қоршап, тыныс алып отырған орта – қоршаған орта. Ондағы болып жатқан барлық өзгерістер, әсіресе жағымсыз, тек өсімдіктер мен жануарларға емес, сонымен қатар бізге, денсаулығымызға және болашақ ұрпақтарымызға тікелей әсерін тигізеді. Ал ол, өз кезегінде ұлттың әл-ауқатына теріс әсер етуі мүмкін.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жоспарланған шаруашылық немесе өзге де қызметтің экологиялық талаптарға сәйкестігін анықтайды, сонымен қатар, осы қызметтің қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін әлеуметтік, экономикалық және өзге де теріс нәтижелерді алдын алады. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық Кодесінің 46-бабына сәйкес, мемлекеттік экологиялық сараптаманың мақсаты болып:

- жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық, норма шығару және өзге де қызметті іске асырудың қоршаған орта мен халықтың денсаулығына ықтимал теріс зардаптарын айқындау және шектеу;

- экономикалық даму мен қоршаған ортаны қорғау мүдделерінің балансын сақтау, сондай-ақ табиғат пайдалану процесінде үшінші тараптарға залал келтіруді болдырмау мақсатында жүргізу табылады [6].

Сонымен, экологиялық сараптама алдын алу функциясын, экологиялық талаптардың сақталуын, азаматтардың жағымды қоршаған ортада өмір сүруге деген конституциялық құқықтарын қамтамасыз ететін құқықтық құрал функциясын атқарады. Сараптама нәтижесінде алынатын қорытынды құжат, кейіннен сот өндірісінде дәлелдеме ретінде қолданылуы мүмкін. Мемлекеттік экологиялық сараптама көзделген және жүзеге асырылып отырған шаруашылық және өзге қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарына сәйкестігін белгілейді, сондай-ақ бұл қызметтің қоршаған ортаға болатын мүмкін қолайсыз әсерлерінің және солармен байланысты әлеуметтік салдарларының алдын алу мақсатында мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерін іске асыру мүмкіндігін анықтайды.

Жалпы жоғарыда аталған заңға сәйкес, мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері алуан түрлі. Атап айтқанда, жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызмет жобалары және оларға ілеспе, заңда айқындалған кезеңдерге сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары; қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобалары; аумақтарды ұйымдастыру схемаларының жобалары; қалалар мен аумақтарды, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтар аумақтарын және шаруашылық қызметті жүргізудің айрықша режиміндегі аумақтарды салудың (дамытудың) бас жоспарларының жобалары және т.б. [6].

Мемлекеттік экологиялық сараптама адам тіршілігінің кез келген жағдайында кездесетін және рөлі өте жоғары бағаланатын процестердің бірі болып табылады. Адам өмірі мен денсаулығы, қоғам тіршілігі және мемлекет қауіпсіздігі үшін маңызды орынға ие болып табылатын сараптама. Аталмыш соттық емес сараптамалардың әрқайсысы бөлек, алайда олардың барлығы келесідей талаптарға сәйкес болуы міндетті, яғни: 1) осы сараптама аясында тәжірибелік қызметпен айналасатын маманмен жүргізілуі; 2) нәтижелері жазбаша түрде рәсімделеді; 3) сарапшының қорытындысы негізінде сәйкесінше шешімдер қабылданады. Сонымен қатар, сот сараптамасының соттық еместен айырмашылығы: 1) оның ерекше тағайындалуында; 2) сот сараптамасын тағайындайтын субъектілерінде; 3) сараптаманы жүргізетін субъектілердің көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылықта болатындығы; 4) нәтижесі процессуалдық құжат – дәлелдеме күшіне ие қорытынды болуында.

Әрине, соттық емес сараптама аталған күшке ие емес, алайда басқа кез келген жағдайда, мұндай сараптамалар күрделі мәселелерді шешуге ықпалдасады. Мемлекеттік сараптамамен қатар мемлекеттік емес, яғни жеке сараптамалар да жүргізіледі. Олар көбіне келісім негізінде және ақылы түрде жүргізіледі. Неліктен осы сараптамалар түрі сұранысқа ие емес. Себебі, мұндай жеке орталықтарға халық аса сеніммен қарамайды. Мұндай орталықтар туралы көп айтылмайды, онда қандай сарапшылардың қызмет атқаратындары белгісіз. Сондықтан, онда қандай сараптамалар жүргізілетіндігі үлкен бір құпия болып келеді.

Жоғарыда қарастырылған сараптамалардың барлығы адамның күнделікті өмірінде кездесетін және жүргізілетін сараптамалардың бірі болып табылады. Бірақ, неліктен мұндай сараптамалардың рөлі төмен. Неліктен, мұндай зерттеулердің нәтижелері кейде сот өндірісінде дәлелдеме күшіне ие емес. Әрине, бұлар тікелей сот өндірісінде жүргізілетін сараптамалар емес, бірақ аталған сараптамалар арқылы мемлекет өз халқының денсаулығына сәл болса да көңіл аудартады. Дәл осы сараптамалар негізінде болуы ықтимал апаттар мен дауларға төтеп беріледі.

Қазіргі таңда мұндай мемлекеттік сараптамалардың мәртебесі жоғары емес екендігіне, менің ойымша елдегі құрылыс және өндірістік кешендердің өз қызметтерін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алмауы себеп, деп есептеймін. Мысалы, белгілі бір тауар өндіруші зауыт аталған сараптамалар өткізбестен, өз қызметтерін жүргізіп жатады. Қоршаған ортаға, тыныс алып отырған ауаға зиянды, тіпті радиоактивті қалдықтарды тастау арқылы, елдің, халықтың қаншалықты уланып отырғанын аңғармайды немесе елемейді. Ал егер, мемлекеттік сараптамалар аталған кәсіпорындарда адал сараптамалар жүргізіп, олардың қызметтерінің қаншалықты қауіпсіз екендігін анықтап, сол қызметті жүргізуге сараптама нәтижесі бойынша рұқсатнама берсе, мемлекеттің экологиясы мен халық денсаулығына осыншама зиян келмес еді. Бұл дегеніміз, мемлекеттік, яғни соттық емес сараптаманың мәртебесін көтеру қажет екендігін көрсетеді.

Айтылғанның барлығын ескере отырып, мемлекеттік және жеке сараптаманың мәртебесін көтеру мақсатында, мұндай орталықтар келесідей құқықтарға ие болуы керек:

- егер аталған сараптамалар қолданыстағы ҚР ҚІЖК, АІЖК ережелеріне қайшы келмеген және заңда белгіленген барлық талаптарға сәйкес жүргізілген жағдайда, сараптама қорытындысы – нақты қылмыстық немесе азаматтық іс бойынша дәлелдеме күшіне ие болуы;

- жеке сараптама орталықта мемлекеттік лицензия негізінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылуы және ондағы сараптамалар құны мемлекет бекіткен баға бойынша жүргізілуі;

- мемлекеттік сараптамалардың қорытындысы республика аумағында міндетті күшке ие болуы;

- жалпы мемлекеттік сараптамалар, оны жүргізу және тағайындау тәртібі туралы заңның қабылдануы;

- мемлекеттегі сарапшылардың құқықтары мен міндеттерін нақты айқындау, олардың мәртебесін белгілеу және жауаптылық деңгейін заң жүзінде көрсету;

- мемлекеттік сараптаманы жүргізуші тұлғалардың құқықтық мәртебесін айқындау, олардың құқықтары мен міндеттерін заңды түрде бекіту.

Қорыта келгенде, мемлекеттік сараптама кез келген мемлекет тіршілігіндегі маңызды әрі қажет сараптамалардың бірі болып табылады. Елде болып жатқан әртүрлі өзгерістер адам санасында, олардың өмірлерінде белгілі бір із қалдыруда. Әрине, мұндай іздердің адам үшін жағымды әрі қауіпсіз болуы – кез келген мемлекеттің мақсаты. Сөз соңында айта кеткен орынды, аяқ басқан ХХІ ғасыр зертхананың материалдық-техникалық негізін нығайтуды талап ететіндігі даусыз, өйткені, сот-сараптама қызметінің жабдықтық негізінің жаңартылуы сараптама қызметін сапалық деңгейге көтеруге жағдай жасайды. Ал бұның өз кезегінде мемлекеттегі болып жатқан өзгерістерді жеңіл көтеруге көмектеседі. Жоғарыда қарастырылған мемлекеттік сараптамалардың маңызды түрлері жалпы, кез келген қоғамда алатын орны ерекше. Себебі, дәл осы сараптамалар арқылы біз болуы ықтимал апаттар мен дауларды, келіспеушіліктер мен жағымсыз оқиғалардың алдын аламыз.

Әрине, Қазақстанда мемлекеттік (соттық емес) сараптама жүргізу, олардың түрлері, жалпы мәртебесі жөнінде тәжірибелік жұмыстар өте аз. Алайда, тәуелсіздік алғанымызға тек 20 жыл ғана болды. Бұл болашағы үлкен мемлекет үшін аз ғана мерзім болып табылады. Сондықтан аса үлкен үмітпен, біз болашақта жоғарыда аталған мәселелер өз шешімін табады деген ойдамыз. Дәл сол кезде, мемлекеттік сараптама халық арасында сенімге ие болып, адам мен азаматтардың және жалпы мемлекет қауіпсіздігі мен бейбітшілігін қамтамасыз етуде өз орнын табады деп сенеміз.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз., Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы №254-ІІІ Заңдарымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен. – Алматы: Жеті Жарғы, 2007. – 75 б.

2. Қазақстан Республикасының Сот сараптамасы туралы. - 1997 ж. 12 қарашадағы № 188-1 Заңы.

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: Жеті жарғы, 2010.
4. ҚР Экологиялық Кодексі. – Алматы: Юрист, 2009. – 164 б.
5. Сарсембаев М.А. Таможенная экспертиза в Казахстане и международное право/ Казахстанский журнал международного права. – 2004. - №3 (15) - с. 16-20.
6. ҚР Кеден Кодексі. – Алматы: Юрист, 2009. – 250 б.

\*\*\*

В данной работе рассмотрены основные понятия государственной экспертизы, ее виды, признаки и принципы. Также проведен сравнительно-правовой анализ между законодательством Казахстана и России о правовом статусе государственной экспертизы.

\*\*\*

In this paper we review the basic concepts of the state, its types, symptoms and principles. It also conducted a comparative legal analysis of legislation between Kazakhstan and Russia on the legal status of the state examination.

*А.Р. Мусабекова*

## ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ҚОЛ СҰҚПАУШЫЛЫҚ – ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАҒИДАСЫ РЕТІНДЕ

Кез келген құқықтың саласына сол құқық саласын құқықтық реттеуді жетілдіруге және құқық қолдану қызметін жеңілдетуге бейімделетін оның заңи мәнін түсіну үшін маңызды белгілі бір бастапқы негіздер тән. Құқықтың принциптері бастама негіздер бола отырып, оның негіздерін құрайды. Құқық принциптерінің ерекше мәні ірі заң шығарушы реформалар кезеңінде орын алады. Біздің елімізде жүріп жатқан құқықтық жүйені реформалауға байланысты осы жүйенің негізін құрайтын қағидалар терең ғылыми пайымдауларды талап етеді. Құқық теориясында құқық қағидалары астарында негізгі бастамалар, әмбебаптылықты және ерекше жалпы мәнділікті иемденетін оның жөнелтілетін идеялары; бұл бастамалар құқықтың маңызды мазмұнын құрайды, осы құқықтың негізімен үйлесімді байланысады, берілген қоғамдық-тарихи формацияның тұрақтылықтарын және заңдылықтарын айқындайды [1, 126].

Принциптер – бұл, ең біріншіден, қылмыстық процестің анағұрлым мәнді ерекшеліктері мен заңдылықтары туралы идеяны басқаратын бастамалар болып табылады. Өзіне бастама, процестің алғышарттары туралы көріністерді енгізе отырып, бұл құқықтық идеялар негізгі мәнге ие. Құқықтық нормалар нысанында бола тұра, олар өз алдына процессуалдық жүйе құрылатын және әрекет ететін ең жалпы, орталық қағида болып табылады [2, 23].

Қылмыстық-процессуалдық нормада қандай да бір принциптердің бекітілуі мен жариялануы өздігінен жеткіліксіз болып табылады. Қылмыстық іс жүргізудің принциптері қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын тұлғалар мен сот қызметінде жүзеге асырылуы ең бастысы болып табылады. Қылмыстық процесті жүзеге асыратын органдардың алдында тұрған міндеттерді орындаудың тиімділігі қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтарын шынайы қорғауды қамтамасыз етумен, осы орайда қылмыстық іс жүргізу қағидаларының қылмыстық істі жүргізу барысында қатаң сақталуын қамтамасыз етуімен анықталынады.

К.Х. Халиков өте дұрыс байқағандай, кез келген принциптің мәні көптеген нормалар мен сол құқық саласы институттарында орын алады, кей жағдайда принцип белгілі бір құқық саласы үшін өзінің негізгі мәнін жоғалтуы мүмкін [3,176].

Б.Х. Толеубекова принциптердің нормативтік сипаттарын ерекшелейді және көрсетеді: «Қылмыстық процесс принциптері қоғамдық және мемлекеттік құрылыммен шартталған және қолданыстағы заң шығарушымен бекітілген іс қозғау, тергеу, тексеру және қылмыстық істерді мәні бойынша шешу кезінде мемлекеттік органдардың қызметтері мен ұйымдастыру мәнін анықтайтын негізгі және бастапқы қағидалар, сонымен қатар, мемлекет қылмыстық сот ісін жүргізудің алдына қойған міндеттеріне қол жеткізу үшін қылмыстық-процессуалдық қызметті бағыттайтын қағидалар болып табылады» [4,133].

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтың және адамның Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген жеке бас бостандыққа, қадір-қасиетке, жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасының құпиясына, жеке салымдары мен жинақтарының құпиясына, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясына, тұрғын үйге, меншікке қол сұғылмаушылыққа конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауы көзделген.

Қазақстан Республикасының Конституциясын 25-бабында келесі қағида бекітілген: «Тұрғын үйге қол сұғылмайды, соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».